

27 қараша, 2013 жыл

Павлодар қ.

## БАСПАСӨЗ БАЯНЫ

### «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Каустик» АҚ акционерлері құрамына енді

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Каустик» АҚ-ның 40% жай акцияларын сатып алу мәмілесін аяқтады. Сату және сатып алу келісіміне «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тарапынан компания Басқарма Төрағасының орынбасары Нұрлан Рыспанов, ал «Каустик» АҚ жағынан Басқарма Төрағасы Ерлан Орымбеков қолдарын қойды.

«Каустик» АҚ акцияларын сатып алу жөніндегі мәміле Елбасының «Павлодар» ЕЭА базасында толыққанды химиялық кластер қалыптастыру жөніндегі берген тапсырмасын орындау мақсатында жасалды.

«Каустик» АҚ алаңында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметіне қатысты бірқатар импорт алмастырушы өндіріс орындарын ұйымдастыру жоспарланған. Атап айтқанда, уран өндіруде және оны өндеуде қолданылатын каустикалық сода және сутегі тотығын, сондай-ақ сирек және сирек жер металдар үшін хлор мен реагенттер алу көзделген.

Сонымен қатар, әлемдік озық технологияларды трансферттеу негізінде ауыз суды тазарту және дезинфекциялау үшін реагенттер жасау жайы да қарастырылған.

– Қазақстанның химия өнеркәсібі – экономиканың үмітті тармағы. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның «Каустик» АҚ жобасына қатысуы Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындары қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру және шығарылатын өнімдер тізбегін кеңейтумен бірге Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруға қосылған қомақты үлес болады, - дейді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Нұрлан Рыспанов.

«Каустик» АҚ Басқарма төрағасы Ерлан Орымбеков ұлттық атом компаниясының «Каустик» АҚ акционерлері құрамына енуі зауыт үшін де, жалпы отандық химия саласын дамыту үшін де айтулы оқиға болып табылатынын атап көрсетті.

– Бұл мәміле аймақта жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бүгінгі оқиға Қазақстанның «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысындағы мемлекеттік-жекеменшіктік серіктестіктің жарқын үлгісі бола алады, - деді «Каустик» АҚ басшысы.

*«Каустик» АҚ 2002 жылы «Павлодар химия зауыты» АҚ-ның мүліктер кешені негізінде құрылған. 2004 жылғы қыркүйекте «ЦАТЭК» АҚ «Каустик» АҚ-ның 100% акцияларын сатып алды. 2011 жылы «Қазақстанның даму банкі» АҚ және «Қазақстанның Эксимбанкі» АҚ қаржыландыруымен Павлодарда мембранды әдіспен каустикалық сода ғығаратын зауыт іске қосылды. Қазіргі кездегі «Каустик» АҚ-ның жобалық қуаты: 30 мың тонна каустикалық сода, 26 мың тонна сұйық хлор, 45 мың тонна тұз*

қышқылы және 6,6 мың тонна натрий гипохлоритына тең. «Каустик» АҚ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2011 жылғы Жарлығымен бекітілген «Павлодар» арнайы экономикалық аймағындағы базалық өндіріс орны болып табылады. «Каустик» АҚ-ның басты міндеті ҮИИД МБ және Химия саласын дамыту бағдарламасына сәйкес өндірістік қуаттарды жылына 90 мың тоннаға дейін қаустикалық сода шығаратын деңгейге жеткізу.

«Каустик» АҚ Қоғаммен байланыс бөлімі

Нариман Рузеев

+7 (7182) 39-94-67

+7 (701) 525 48 07

[n.ruzeyev@caustic.kz](mailto:n.ruzeyev@caustic.kz)

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ** – Қазақстанның уран және оның қосындыларын, сирек металдар, атом электр стансаларына арналған ядролық отын, арнайы құрал-жабдықтар, технологиялар және екіұдай мақсаттағы материалдар экспортымен айналысатын ұлттық оператор. Компания қызметінің басты бағыттары геологиялық барлау, уран өндірісі, ядролық отын циклы өнімдерін өндіру, реактор жасау, АЭС құрылысы, конструкциялық материалдар өндірісі, энергетика, ғылыми зерттеу, әлеуметтік қамту және мамандар дайындау болып табылады. Қазатомөнеркәсіп сондай-ақ, Қазақстанда жаңартылатын энергетиканы дамыту бағдарламасының белсенді қатысушысы. Бүгінгі таңда компанияда 25 000-нан астам адам еңбек етеді. Қазатомөнеркәсіп әлемнің жетекші уран өндіруші компанияларының көшін бастап келеді.

[www.kazatomprom.kz](http://www.kazatomprom.kz)

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ

Қоғаммен байланыс басқармасы

Кристина Подшивалова, Қонақбай Саттаров

+7 /7172/ 55-13-05

[pr@kazatomprom.kz](mailto:pr@kazatomprom.kz)